

9 сынып

Қазақ тілі мен әдебиеті

Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?





Сабақтың мақсаты:

- Мәтіндердің стилін, жанрлық ерекшеліктерін салыстырып, талдау жасау.

Сөздерді дұрыс аудармаларымен сәйкестендір.

Мал шаруашылығы	Посев зерна
Байырғы күнтізбе	юрта
Егін егу	Ювелирные украшения
Кигіз үй	кочевой
Зергерлік бұйымдар	Выращивание скота
көшпелі	Древний календарь

Мәтін стильдері

Мәтін стильдері дегеніміз - қаламгердің жазу мәнері, мәтінді оқырманға жеткізу үшін қажетті тілдік тәсілдерді сұрыптап қолдануы, ой түйінін ашу тәсілі.

Қазақ әдеби тілінің бес түрлі стильдік тармақтары қалыптасқан:

- білім мен ғылым саласында-**ғылыми стиль**;
- Құқықтық салдада-**ресми іс-қағаздар стилі**;
- Әдебиет пен өнерде-**көркем әдебиет стилі**;
- Бұқаралық ақпарат құралдарында-**публицистикалық стиль**;
- Тұрмыстық қарым-қатынаста-**ауызекі сөйлеу стилі**.

Публицистикалық стиль қоғам мен бұқараға қызмет етеді.

Газет-журналдар



Теледидар бағдарламалары





Ақпарат беруде баспасөз және телерадиожурналистикада үш негізгі жанрлық топтар қалыптасқан.

- Ақпараттық-хабар-ошар, заметка, сұхбат, репортаж, есеп, мақала.
- Сараптамалық-корреспонденция, комментарий, әңгіме, шолу.
- Көркем-деректі (публицистикалық)-очерк, фельетон, деректі драма және телерадиокомпозиция.

А мәтіні


- "Көшпенділер" фильмінде қазақ халқы туралы, қазақтардың XVIII ғасырдағы мемлекеттік санасының қалыптасуы туралы оқиға баяндалады. "Көшпенділер" фильмінің негізіне 18 ғасырда қазақ жерінде болған нақтылы тарихи оқиғалар-жоңғар жаулаушыларына қарсы қазақтардың азаттық соғысы алынған. Фильмнің негізгі тұлғалары – бізге тарихтан белгілі тұлғалар Әбілқайыр хан, Абылай хан, данышпан Төле би, жоңғарлардың қолбасшысы Қалдан Церен. Фильмнің басты кейіпкері - Мансұр халықты артына ерткен сарбаз жолындағы бар қиыншылықтардан өтіп, кейін Абылай хан атанады. Сүйген қызы - Гауһар есімді батыр қыздың арқасында адами қасиеттерін де жоғалтпайды. Фильмнің режиссерлері: Иван Пассер, Сергей Бодров, Талғат Теменов. 2006 жылы жарық көрген туынды тарихи драма жанрында түсірілген.

Ә мәтіні


- *Тарихи эпопеяға негізделген "Көшпенділер" фильмі 2004-жылдың аяғында түсіріліп бітеді. Бұл туралы бүгін, 16-ақпанда парламентте өткен үкіметтік сағат аясында ҚР мәдениет министрі Дүйсен Қасейінов мәлімдеді,- деп хабарлайды KZ-today тілшісі республика Елордасынан.*
- "Фильм тек жаз маусымында ғана түсірілетіндіктен, былтырғы жыл соңында фильмді түсіру жұмыстары тоқтатылған", - деді Д.Қасейінов. Дейтұрғанмен, ҚР мәдениет министрі фильмді түсіру жұмыстары "биылғы жыл соңына дейін толық аяқталады" дегенге сенім білдірді. 2003-жылғы республикалық бюджеттен фильмді түсіру мақсатына 2 млрд. теңге жұмсалған. Министрдің айтуынша, бұл қаржы жеткілікті болуы тиіс. Д.Қасейіновтың пайымдауынша, "Көшпенділер" фильмі "идеялық тұрғыдан бірегей фильм" болып саналады. Дегенмен, әзірге фильмнің қаржылық табысы туралы сөз қозғауға ерте. "Фильмнің әкелетін пайдасын ол түсіріле бастаған алғашқы сәттен бастап есептеу керек болатын. Бірақ ол кезде біз қанша қаржы бөлінетіндігін білмегендіктен дәл қазір оның пайдасы туралы айту қиын", - деді ҚР мәдениет министрі. Бұдан бұрын да хабарлағанымыздай, 2 сериялы "Көшпенділер" фильмін түсіруге 24 млн. доллар көзделген. Фильмді түсіруге Қазақстанның маңдай алды кино мамандары мен АҚШ және Еуропаның танымал киногерлері жұмылдырылмақшы. Түсіру тобының құрамында 500 адам бар, олардың 100-і шетелдік мамандар.

1 тапсырма. Кестені толтырыңыз.

	А мәтіні		Ә мәтіні
			Стилі, себебі ...
			Жанры, себебі ...
			Ұқсастығы
			Айырмашылығы

A dark grey arrow points to the right from the left edge of the slide. Several thin, curved lines in shades of blue and grey originate from the left side and sweep across the page towards the text.

2 тапсырма. «А мәтінде» аталған атақты тұлғалар жайлы қысқаша мақала жаз./Напиши краткую статью о знаменитых исторических личностях, приведенных в тексте –А.

A dark grey arrow points to the right from the left edge of the page. Below it, several thin, curved lines in shades of blue and grey sweep upwards and to the right, creating a sense of movement and flow.

Выполни задание в тетради.
Удачи!